

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Заң институты
Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз
ету кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының ғылыми
жұмыс жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі

О. Т. Сейтжанов
« ____ » _____ 2019 ж.

5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

BBZ 3307 «Баллистика және баллистикалық зерттеу»

пәні бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 3
Семестр: 5
Кредиттер саны: 2
Дәрістер: 6 сағат
Семинар:
Практикалық сабақтар: 24 сағат
КӨЖ: 15 сағат
КӨЖ: 45 сағат
Межелік бақылаудың саны: 2
Емтихан – 6 семестр

Қарағанды 2019

5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған «Баллистика және баллистикалық зерттеу» пәні бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырғандар:

А.Б. Жакулин, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

А. Ж. Жүнүсова, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының доценті;

Н. Жанхан, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының аға оқытушысы.

Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасында талқыланды.

2019 ж. «04» 06 № 28 хаттама

Кафедра бастығы

А.Б. Жакулин

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.

2019 ж. «11» 07 № 11 хаттама

© Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2019 ж.

2.1. Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифры мен атауы	5B030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	3 курс, 5 семестр
3. Пән циклы	Баллистика және баллистикалық зерттеу
4. Кредиттер саны	2
5. Сабақты өткізу орыны	Дәріс залы, 315,308,307 оқу аудиториялары
6. Дәріскер	А.Ж.Жунусова - кафедра доценті; Р.С. Булатов - кафедра аға оқытушысы. «Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету» кафедрасы ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-кабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 331; 377; 30-33-88
7.Сабақты жүргізетін оқытушылар	А.Ж.Жунусова - кафедра доценті; Р.С. Булатов - кафедра аға оқытушысы. «Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету» кафедрасы ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-кабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 331; 377; 30-33-88

2.2. Пререквизиттер:

криминалистикалық техника, сот фотографиясы, трасология және трасологиялық зерттеу

2.3. Постреквизиттер:

міндетті түрде өндірістік тәжірибеден өту, маманның тергеу әрекетіне қатысуы

2.4. Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Пәнді оқытудың негізіне келесідей жалпы әдістемелік қағидалар қойылған:

Теория мен практиканың бірегейлік қағидасы маман-криминалистерді теоретикалық, практикалық және арнайы дайындау ережелерінің өзара байланысын ашады. Әртүрлі атыс қаруларының түрлерін оқып білу барысында

орын алатын заңғы сыйымдылық пен үрдістерді, белгілерді қамтитын білімдерді, олардың ашылуы мен бекітілуін ғылыми түсіндіру – ПО мамандарының тиімді қызметінің негізіне жатады.

Пәнді жеткілікті меңгеру іргелі теориялық негіздерді оқып білуден практикалық шеберлікті қалыптастырудан бастап, осы білімдерін нақты объектілерді зерттеу дағдысына қолдану сызбасы бойынша құрылады.

Бұл жағдайда теориялық дайындық көп жағдайда мазмұны бойынша сәйкес келетін арнаулы білімдер мен практикалық дағдылардың негізіне жататын ғылыми тірек болып табылады.

Оқу бағдарламасының көлемін оңтайландыру қағидасы оқу бағдарламасын уақыт бойынша курсанттардың психофизиологиялық мүмкіндіктері мен білім алудың ұтымды мерзіміне сәйкес бөлуге септігін тигізеді. Осы өлшемдердің көмегімен пәннің тарауларын оқып білуге және оқу сабақтарының нақты түрлерін өткізуге берілетін нақты ұтымды уақыты анықталады: дәрістер, семинар және практикалық сабақтар, сондай-ақ курсанттардың өзіндік жұмысы.

Сабақ берудің негізіне мамандарды даярлаудағы жүйелілік және бірізділік қағидасы жатады.

Курсанттардың оқудағы саналылық, белсенділік және дербестік қағидасы - жеке ізденісті ұжымдағы оқу жұмысымен қосу, абстрактылы ойлауды сабақ берудің көрнекілігімен ұштастыру, ғылыми білімнің нақтылығы.

Тәрбиелілік қағидасы - сабақ берудің мазмұны мен ұйымдастырылуында көрінетін, қылмыстарды ескерту мен ашу бойынша міндеттерді шешуге қабілетті мамандардың моральдық бейнесін қамтамасыз ететін талаптар.

Пәнді оқытудың міндеттері:

Ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөліністерінің жұмысына талдау жүргізу көрсеткендей, баллистикалық зерттеулердің саны жылдан жылға өсіп келеді. ПО маман-криминалистердің кәсіби даярлығы көп жағдайда олардың қарудың материалдық бөлігін білуіне, атылған оқ пен атыс болған гильзаның нақты қару үлгісін анықтайтын біліміне, және осы білімдерін қылмыстарды ескерту, ашу және тергеп-тексерумен байланысты міндеттерді шешу кезінде қолдана білуіне байланысты.

Оқытудың міндеттері курсантты терең теориялық білім мен практикалық дағдыны тірек етіп, арнаулы білімді қолдана отырып, қаруды зерттеумен байланысты дәлелдемелерді алу бойынша міндеттерді шеше алатын, сондай-ақ осы салада профилактикалық жұмыстарды жүргізетін жоғары кәсіби мамандарды дайындаудан тұрады.

Тәрбиелік міндеттері:

Қарастырылып отырған қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде заңдылық, әлеуметтік әділеттілік және рухани тазалық қағидаларының мәнін терең ұғына білу.

Қылмыстардың жолын кесу, оларды ашу және тергеп-тексеру тәжірибесі үшін криминалистикалық білімдерді, әдістер мен құралдардың рөлін түсіне білу.

Әрбір курсанттардың біліктілікті арттыру және өздігінен білім алу арқылы өз кәсіби деңгейін ұдайы арттырып отыру қажеттілігін түсінуі.

Білім арудың мақсатты бағдары.

Баллистика саласында мамандандырылған маман-криминалистерді кәсіби даярлаудың ерекшеліктері өзінің білімдерін ұдайы толықтыру және жаңарту қажеттілігі болып табылады.

Әрбір қару – дербес, ал маман үшін ол – зерттеу объектісі. Бұл дегеніміз маманның күнделікті жұмысында әрдайым іздеу элементі, ғылыми-зерттеу қызметінің элементі бар екендігін білдіреді. Сол себепті курсантқа – болашақ маман-криминалистке зерттеу дағдысын дарыту қажет, оны ойлауға үйрету. Маман-криминалист қаруға зерттеу жүргізу бойынша практикалық тапсырмаларды шешу кезінде өзінің білімін дербес және шығармашылық тұрғыда қолдану білуі тиіс.

Пәнді меңгеру курсанттардың зерттеуді жүргізіп және криминалистикалық тәжірибені талдай отырып өздерінің арнаулы білімдерін криминалистикалық қару жүргізу саласында дербес қолданатын тағылымдама уақытында практикалық дайындықпен органикалық бірлестікте жүзеге асырылады.

Сол себепті пәнді оқытудың негізгі мақсаты жиынтығында құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің кәсіби даярлығынан тұратын теориялық білімдерін игеру, практикалық қабілет пен дағдыны қалыптастыру болып табылады.

Практикада білімдері мен түсіну қабілеттерін қолдану:

Кәсіби қызметінде білім алу үрдісінде алынған теориялық білімдерін өзгерту. Негізгі техника-криминалистикалық құралдарды дұрыс таңдай және қолдана білу керек.

Ой-пікірді шығару, ойды бағалау және қорытынды тұжырымдауға қабілетін қалыптастыру.

Криминалистиканың әртүрлі проблемалары бойынша ғалымдардың пікірлеріне талдау жүргізе білу және осы негізде жеке ой-пікірді дәлелдеуді құрастыра білу қабілетін қалыптастыру.

Коммуникативтік шеберлік:

Хабарлай білу және криминалистиканың ақпараттарын, ойларын, проблемаларын ашық ұсыну және аудиторияның ерекшелігін ескере отырып хабарламаның әртүрлі нысанында шеше білу.

Оқу қабілеттілігі:

Әрбір курсанттың біліктілікті арттыру және өздігінен білім алу арқылы ұдайы кәсіби даярлығын арттыру қажеттілігін түсінуі. Кәсіби өздігінен жетілу дағдыларын игеру.

Дағды – ойлау қызметінің нәтижесінен туындайтын практикалық жаттығулардың нәтижесі, әрекеттерді қайта-қайта қайталау,

Шеберлік – адамның атқарушылық қызметінің нәтижесі. Ол оның өзінің кәсіби функцияларын орындауда дайындығының деңгейін сипаттайды.

Білімді меңгеру, шеберлік пен дағдыны игеру – оқу жұмысының барлық нысандары қолданылатын бірегей үрдіс. Шеберлік пен дағдылар практикалық

қызметтің жеке тәжірибесінің нәтижесі ретінде курсанттан алдарына қойылған міндеттерді өздігінен практикалық шешуді талап етеді. Осы міндеттердің ойдағыдай дамуы көп жағдайда «Баллистика және баллистикалық зерттеу» курсының оқытуды ұйымдастыруға, оқытудың әдістемесіне, амалдарына және құралдарына байланысты.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиет тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Балдар (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Практикалық сабақтарда ауызша жауап беру	Сабақ жоспарына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (сабақтағы ауызша жауап пен жасалған жұмыс бағаланады)	Сабақтың барлық тақырыптарына ауызша жауап бойынша 100 баллға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес, сабақта бағаланады
2	Ауызша жауап, КОӨЖ-да баяндама жасау,	КОӨЖ сабағының жоспарына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (КОӨЖ сабағында ауызша жауап пен жасалған жұмыс бағаланады)	Сабақтың әрбір тақырыбына ауызша жауап бойынша 100 баллға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес, КОӨЖ сабағында
3	Межелік бақылауға дайындық	Тест сұрақтары	Семестр ішінде дайындық	Аралық бақылау (компьютерлік тестілеумен бағаланады)	100 баллға дейін	Жауап тізімдемеден бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
4	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Оқытудың барлық мерзіміндегі дайын-	Қорытынды бақылау	100 баллға дейін	Жауап тізімдемеден бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

			дық			
--	--	--	-----	--	--	--

2.6. Курстың саясаты

«Баллистика және баллистикалық зерттеу» пәнін оқып білу кезінде келесідей ережелердің сақталуын сұраймыз:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақты орынсыз себептермен жіберіп алмау, сырқаттанған жағдайда тиісті медициналық анықтама, ал басқа жағдайларда — түсініктеме жазба ұсынылуы тиіс.
3. Өтемдер қабылданғанда, курсант жоспарланған сабақтарда жіберіп алған тақырыптар бойынша жауап беруге дайын болуы міндетті.
4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылатын әдебиетпен міндетті түрде танысу және конспектілеу.
5. Сабақ үстінде сөйлеспеу, ұялы телефондарды сөндіру.
6. Оқу процесіне белсенді қатысу.
7. Курстастары мен оқытушыларға ашық мінезді болу, кең пейілділік, шыдамдылық таныту.

2.7. Ұсынылатын әдебиет тізімі:

№ р/н	Атауы	Шығарылған жылы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы	30 тамыз 1995 жыл (2017 жылғы 10 наурыздағы берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен).
2.	Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 14.12.2012 ж.	Егемен Қазақстан, Астана, 15.12.2012 ж.
3.	Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" 10.01.2018 ж.	Егемен Қазақстан, Астана, 11.01.2018 ж.
4.	Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Президенттің бес	Егемен Қазақстан, Астана, 05.03.2018 ж.

	әлеуметтік бастамасы" атты халыққа үндеуі. 05.03.2018 ж.	
5.	Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы.	Егемен Қазақстан, Астана, 2009 жылғы 28 тамыз.
6.	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі.	2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ (2018 жылғы 01.03. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
7.	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі	2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2018.01.03. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
8.	ҚР Заңы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы»	1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы (2017 жылғы 11 шілдедегі берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
9.	ҚР Заңы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы»	2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ (2018 жылғы 24 мамырдағы берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
10.	ҚР Заңы «Сот-сараптама қызметі туралы»	2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ (2017 жылғы 18 сәуірдегі берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
11.	ҚР ПМ № 75 ҚҚҰ «Ішкі істер органдарында жедел-криминалистикалық қызметті жүргізу Ережелерін бекіту туралы» бұйрығы	21.07.2014 ж.
12.	ҚР ПМ «Азаматтық және қызметтік қарудың және олардың патрондарының криминалистикалық талаптары және сынақтан өткізу әдістері» бұйрығы	2015 жылғы 16 наурыздағы № 219 бұйрық
2. Негізгі әдебиет		
13.	Белкин Р.С. Курс криминалистики.	М., 2000 г.
14.	Зырянов В.В. Техничко-криминалистическое обеспечение раскрытия и расследования	Красноярск: СибЮИ МВД России, 2013 г.

	преступлений, связанных с применением огнестрельного оружия: монография / В.В. Зырянов, Е.Б. Мельников, С.И. Земцова	
15.	Кокин А.В. Идентификация нарезного огнестрельного оружия по следам на пулях: учеб, пособие / А.В. Кокин	М. МВД России, 2011г.
16.	Крылов И.Ф. Краткий очерк истории возникновения и развития судебно-баллистической экспертизы в России. //Теория и практика криминалистической экспертизы//	Волгоград, 2000г.
17.	Аханов, В.С. Криминалистическая экспертиза огнестрельного оружия и следов его применения: учеб. для высш. учеб. заведений МВД СССР / В.С. Аханов, отв. ред. Р.С. Белкин.	Волгоград: ВСШ МВД СССР, 1979 г.
18.	Тихонов Е.Н. Судебно-баллистическая экспертиза.	Барнаул, 1991 г
19.	Кубанов В.В. Криминалистические учеты огнестрельного оружия и следов его применения / В.В. Кубанов, В.В. Степанов.	М.: Юрлитинформ, 2010 г.
20.	Микляева О.В. Криминалистическая экспертиза следов и обстоятельств выстрела / О.В. Микляева // ГУ Российский федеральный центр судебной экспертизы при Минюсте России. - Н.	Новгород: Изд-во Вектор, 2012 г.
21.	Плескачевский В.М. Судебно-баллистические диагностические исследования на месте производства выстрела монография / В.М. Плескачевский.	М.: МВД России, 2011 г.
22.	Комаринец, Б.М. Судебно-баллистическая экспертиза: учеб. для вузов / Б.М. Комаринец.	М.: Высш. школа МВД России, 1974 г
23.	Чулков И.А. Материальная часть стрелкового огнестрельного оружия. Криминалистические аспекты: учеб, пособие / И.А. Чулков, И.В. Латышов. -	Волгоград: В А МВД России, 2010 г.
24.	Криминалистическая экспертиза	Волгоград: ВА МВД России,

	оружия и следов его применения: учеб. Ч. 1 / Под ред. В.А. Ручкина, И.А. Чулкова.	2004 г.
25.	Автоматические пистолеты и следы их на пулях и гильзах.	М., 1972 г. - Т.1.
26.	Жук А.Б. Винтовки и автоматы.	М., 1988 г
27.	Жук А.Б. Револютеры и пистолеты	М., 1983г
28.	Комаринец Б.М. Криминалистическое отождествление огнестрельного оружия по стреляным гильзам	М., 1955 г.
29.	Кустанович С.Д. Экспертиза для установления относимости исследуемого объекта к огнестрельному оружию //Советская криминалистика на службе следствия//	М., 1999 г.
3. Қосымша әдебиет		
30.	Охотничье огнестрельное оружие отечественного производства	М., 1969 г.
31.	Гущин В.Ф. Криминалистическое исследование причин и условий выстрелов из охотничьих ружей без нажатия на спусковой крючок.	Киев, 1967г.
32.	Дворянский И.А. Установление места производства выстрела при больших дистанциях стрельбы. Судебно-баллистическая экспертиза.	М., 1976 г., вып.2.
33.	Кустанович С.Д. Исследование повреждений одежды в судебно- медицинской практике.	М., 1965 г.
34.	Лазари А.С., Потапова Л.Ф. Установление модели огнестрельного оружия по следам выстрела на преграде. Экспертная техника.	М., 1986 г, вып.93.
35.	Егоров, А.Г. Установление дистанции и направления выстрела из охотничьего ружья по рассеиванию дроби: моногр. / А.Г. Егоров. -	Волгоград: ВЮИ МВД России, 1982 г. - 340 с.
36.	Филипов, В.В. Методика определения огнестрельного оружия по следам на пулях и гильзах:	М.: Экология, 1971 г.

	методич. рекоменд. экспертам-криминалистам / В.В. Филипов.	
37.	Блюм М.М., Устинов А.И. Патроны ручного огнестрельного оружия и их криминалистическое исследование.	М., 1992 г.
38.	Блюм М.М., Шишкин И.Б. Охотничье ружье: справочник	М.,1987 г.
39.	Митричев В.С. Криминалистическое исследование боеприпасов к охотничьим гладкоствольным ружьям. Методика криминалистической экспертизы.	М., 2001 г.
40.	Комаринцев Б.М. Идентификация огнестрельного оружия по выстреленным пулям. Методика криминалистической экспертизы.	М., 1998 г.
41.	Макаров Н.М. и др. Огнестрельное оружие и патроны к нему. Справочник эксперта-криминалиста.	Можайск-Терра 2000 г
42.	Идентификационное исследование огнестрельного оружия.	М., 1983 г.
43.	Судебно-баллистическая идентификационная экспертиза малокалиберного огнестрельного оружия.	М.,1981 г.
44.	Ермоленко Б.Н. Отождествление нарезного огнестрельного оружия по пулям.	Киев, 1999 г.
45.	Колесов В.И. Капсюли-воспламенители для стрелкового оружия и ударно-воспламенительные составы / В.И. Колесов.	М.: ГУ РФЦСЭ при Минюсте России, 2009 г.
46.	Саврань Л.Ф. Методика определения минимальной убийной силы стандартного и атипичного огнестрельного оружия и боеприпасов. Пособие для экспертов.	М., 1979 г.
47.	Трофимов А.В. Охотничьи боеприпасы. Справочн. пособие	М.,1997г.-108с
48.	Трофимов В.Н., Трофимов А.В. Патроны мира. Справочник.	М.,2002 г.
49.	Методика установления принадлежности объекта к огнестрельному оружию	М.: ГУ ЭКЦ МВД России, 2010 г.

50.	Демин К.Е. Криминалистическое исследование боеприпасов и следов на них: учеб.-методич. пособие / К.Е. Демин; под ред. А.А. Проткина	М.: МВД России, 2009 г.
51.	Латышов И.В. Стрелковое огнестрельное оружие и его следы на пулях, гильзах и преградах. Ч. 12.9,0 мм автоматический пистолет Стечкина (АПС): справ.-метод, пособие / И.В. Латышов, И.И. Никитин, И.А. Чулков.	Волгоград: ВА МВД России, 2009 г.
52.	Латышов И.В. Стрелковое огнестрельное оружие и его следы на пулях, гильзах и преградах. Ч. 14.9,0 мм автомат 9А-91: справ.-метод, пособие / И.В. Латышов, И.И. Никитин, И.А. Чулков	Волгоград: ВА МВД России, 2009 г.
53.	Медведева С.Н. Следы выстрела из огнестрельного оружия на преграде: учеб.-метод, пособие / С.Н. Медведева	Краснодар: МВД России, 2009 г.
54.	Рыбников Г.И., Вакуловский А.Н. Методика установления огнестрельного оружия по выстрелянным пулям.	М., 1954 г.
55.	Федоренко В.А. Криминалистическая реконструкция траектории полета снаряда: учеб, пособие / В.А. Федоренко, М.М. Переверзев.	Саратов: СЮИ МВД России, 2008 г.
56.	Х. Стальмахов А.В., Сумарока А., Егоров А.Г., Сухарев А.Г. Судебная баллистика и судебно-баллистическая экспертиза: Учебник /Под общей ред. А.Г. Егоров. -	Саратов: СЮИ МВД России. 1998 г.
57.	Плескачевский В.М. Оружие в криминалистике. Понятие и классификация.	М., 2001 г.
58.	Фирсова Н.К. Собираение и предварительное исследование следов применения газового оружия: учеб, пособие / Н.К. Фирсова.	Саратов: СЮИ МВД России, 2010 г.
59.	Яценко С.В. Экспертно-криминалистическое исследование	Иркутск, 2009 г.

	патронов к стрелковому огнестрельному, пневматическому и ствольному газовому оружию. Автореф. дис. ... канд. юрид. наук	
60.	Андреев А.Г. Судебно-баллистическое исследование следов применения самодельного огнестрельного оружия: учеб, пособие /А.Г. Андреев, С.Б. Пазухин.	Волгоград: ВА МВД России, 2009 г.
61.	Саакян В.М. Судебно-баллистическая экспертиза отечественного малокалиберного оружия //Теоретические проблемы и практика трасологических и баллистических исследований//	М., 1975 г.
62.	Устинов А.И. Криминалистическое исследование самодельного огнестрельного оружия.	М., 1964 г.
63.	Устинов А.И. Самодельное огнестрельное оружие и методика его экспертного определения.	М., 1968 г.
64.	Толстухина Т.В. Методика экспертных исследований охотничьих ружей для решения вопроса о возможности производства выстрела без нажатия на спусковой крючок. Экспертная техника.	М., 1983 г. вып. 78.
65.	Жук, А.Б. Энциклопедия стрелкового оружия: револьверы, пистолеты, винтовки, пистолеты-пулеметы, автоматы: энциклопедия /А.Б. Жук	М.: Воениздат; Назрань: АСТ, 1999 г.
66.	Плескачевский, В.М. Особенности осмотра места происшествия по преступлениям, совершенным с применением огнестрельного оружия: лекция / В.М. Плескачевский.	М.: ВНИИСЭ МВД СССР, 1982.
67.	Дворянский И.А. Экспертное установление возможности производства выстрелов из огнестрельного оружия и его	М., 1982 г

	доказательственное значение в уголовных делах.	
68.	Устинов А.И. Техническая исправность оружия, пригодность его к стрельбе и возможность производства из него отдельного выстрела. Теория и практика криминалистической экспертизы.	М., 1958г.
69.	Чулков, И.А. Предварительные судебно-баллистические исследования на месте происшествия: учеб, пособие / И.А. Чулков.	Волгоград: ВЮИ МВД России, 1997г.
70.	Судебно-баллистическая экспертиза. Курс лекций Волгоградского юридического института.	Волгоград, 1996 г.
71.	Благовестов А.И. То, из чего стреляют в СНГ: справочник стрелкового оружия.	Мн., 1999 г.
72.	Грицевич А.Н. Сборник примерных образцов заключений по баллистической экспертизе.	М., 2002 г
73.	Дворянский, И.А. Автоматические пистолеты и следы их на пулях и гильзах: учеб. пособие [Т. 1 и Т. 2.] / И.А. Дворянский, А.И. Устинов.	М.: ВНИИ МВД СССР, 1970, 1972. – 220 с, 195 с.
74.	Кантор, И.В. Криминалистическое исследование оружия и следов его применения: практикум / И.В. Кантор, И.А. Чулков.	Волгоград: ВСШ МВД России, 1993. – 30 с.
75.	Устинов, А.И. Криминалистическое исследование материальной части оружия: учеб. пособие для вузов / А.И. Устинов. –	М.: Высш. школа МВД России, 1971. – 77 с.
76.	Г.И. Поврезнюк /История криминалистических подразделений органов внутренних дел Казахстана/.	Алмата 2009г
77.	Брушковский К.Б. Дильбарханова Ж.Р., Котенко А.Н. Криминалистическое оружиеведение: исследование огнестрельного оружия.	Алматы 2007 г
4. Ғаламтор көзі		
78.	http://adilet.zan.kz/rus Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің	

	ресми Web-сайты
79.	http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ресми Web-сайты
80.	www.mvd.kz – Қазақстан Республикасының ІІМ ресми Web-сайты
81.	http://prokuror.kz - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының ресми Web-сайты
82.	http://pravstat.prokuror.kz/ - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ресми Web-сайты
83.	www.zakon.kz - Қазақстан Республикасының заңнамаларының Web-сайты
84.	http://stat.kz - Қазақстан Республикасының статистика бойынша агенттігінің ресми Web-сайты
85.	http://prg.kz/ - «Параграф» ақпараттық жүйесі

2.8. Пән бойынша сабақтарды жүргізудің тақырыптық жоспары

№Р /н	Тақырып нөмірі	Тақырып атауы	Дәрістер	Семинарлық сабақтар	Практикалық сабақтар	КОӨЖ	КӨЖ
1	1	Сот баллистикасының пәні, міндеттері мен жүйесі.	1		1+2	1+1	7
2	2	Қол атыс қарудың түсінігі, классификациясы және оның материалдық бөлімі. Атыс қарудың құрылымы.	1		1+2+1	1+1	8
3	3	Зақымдау және газды қарулардың құрылымы. Іс-әрекет қағидалары.	1		1+2+1	1+2	8
4	4	Қол атыс қарудың зерттеу әдістемесі.	1		1+2+2	1+1+1	7
5	5	Оқ-дәрілердің түсінігі, құрылымы мен классификациясы.	1		1+2+1	1+1	8
6	6	Оқ-дәрілерді зерттеу әдістемесі.	1		1+1+2	2+1	7
Барлығы: 90			6		24	15	45

2.9. Сабақ жоспарлары

Дәріс сабақтары

№ 1 тақырып. Сот баллистикасының пәні, міндеттері мен жүйесі
Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Сот баллистикасының даму тарихы.
2. Сот-баллистикалық зерттеудің (сараптаманың) түсінігі, пәні, объектілері.
3. Сот-баллистикалық зерттеумен шешілетін міндеттер және сұрақтар.
4. Сот-баллистикалық зерттеудің әдісі.

Дәріс тезистері

Сот-баллистикалық сараптама бірнеше жүз жылдықты қамтиды. Бірақ теориялық негіздемені, яғни ғылыми мойындауды салыстырмалы түрде таяуда ғана алды.

Сот-баллистикалық сараптаманың қалыптасу үдерісінің күрделілігі жинақталған практикалық шеберлік және білімі бірқатар себептермен кең таралуына мүмкіндік ала алмауына байланысты (ғылыми еңбектерді жариялау қиындығы, жалпыға бірдей мойындаудың жоқтығы, сол кезеңдегі таралуы мен маңыздылығының аз болуы және т.б.).

Сот сараптамасының кез келген түрінің мәнін дұрыс түсіну үшін мынадай басты элементтерін қамтитын мазмұнын қарастыру керек: теориялық негізін (ғылыми базасын), пәні, объектісі, субъектісі, міндеттері, әдістері.

Сот баллистикасы – атыс қаруын қолданумен жасалған қылмыстарды тергеу мақсатында оқ-дәрі және оның компоненттерін, атыс қаруын, оның қимылдарына себеп болатын іздер мен құбылыстарды арнайы жасалған тәсілдер көмегі арқылы және жаратылыс танушылық-техникалық ғылымдар әдістерімен зерттейтін криминалистикалық техниканың саласы.

«Сот-баллистикалық зерттеу (сараптама) – ол, тергеу және соттық қарап-тексеру үшін маңызы бар атыс қаруы, оның оқ-дәрілері және қолдану жағдайлары туралы ғылыми негізделген шын мәніндегі деректер алу мақсатында тиісті қорытынды құрастыру арқылы заңға сәйкес процестік формада жүргізілетін арнайы зерттеу.

Сот-баллистикалық зерттеудің (сараптаманың) пәні практикалық қызмет ретінде объектіні зерттеу үдерісінде және тергеп-тексеру органдарымен қойылған сұрақтарды шешуде арнаулы білімді меңгерген мамандармен анықталатын барлық мән-жайлар (іс жағдайлары) болады.

Зерттеу объектісі ретінде анықтауды талап ететін іс жағдайларының материалды тасымалдаушысын түсіну қажет.

Шешімін табатын міндеттердің мазмұнына байланысты оларды екі негізгі топқа бөлуге болады:

1. идентификация сипатындағы міндеттер;
2. идентификация сипатындағы емес міндеттер.

Сот-баллистикалық зерттеуде (сараптамада) қолданылатын барлық әдістерді бөлуге болады, яғни:

1. жалпы ғылыми;
2. жеке (инструментальды және қосалқы);
3. арнайы (сараптамалық зерттеу әдістемесі).

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі:
1,2,8,11,12,13,20,21,33,46,54,62,89 (Қар. 2.7 бөлім).

№ 2 тақырып. Қол атыс қарудың түсінігі, классификациясы және оның материалдық бөлімі. Атыс қарудың құрылымы.

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Атқыш атыс қаруының түсінігі және классификациясы. Оның даму тарихы.
2. Атқыш атыс қаруы механизмінің тағайындалуы, құрылғысы және классификациясы.
3. Атқыш атыс қаруының бекітілу жүйесі.
4. Атқыш атыс қаруы автоматикасының қағидалары.

Дәріс тезистері

Атыс қаруының барлық қолданыстағы тұжырымдамасы атыс қаруы пайда болған сәттен бастап өзгеріссіз қалдырылған оның әрекет ету қағидасына негізделеді, атап айтқанда: оқ-дәрісінің немесе оны алмастырушының жануынан пайда болатын газ қысымының күшімен лақтырылатын нысананы жою снарядпен қол жеткізіледі. Атыс қаруы ретінде снарядтың оқ дәрісін ыдырату энергиясынан нысаналы қозғалыс алған лақтыратын қаруды түсінуге болады.

Қару үлгілерінің әртүрлі классификациясын, әрқилы сипаттамасын, сараптамалық тәжірибесін және жүргізілген зерттеулерін ескере отырып, Е.Н.Тихонов келесідей қол атыс қаруының классификациясын ұсынады:

1. Конструкциясы, басқару және ұстау тәсілі ерекшеліктері бойынша
2. Тағайындалуы бойынша
3. Дайындалу тәсілі бойынша **зауыттық, қолөнер, қолдан жасалған.**
4. Ұңғының ұзындығы бойынша **қысқа ұңғылы:** (ұңғының ұзындығы 160 мм дейін). – **орта ұңғылы:** (ұңғының ұзындығы 160-550 мм дейін). – **ұзын ұңғылы** (ұңғының ұзындығы 550 мм көп).
5. Ұңғы каналының конструктивтік ерекшеліктері бойынша: ойық; тегіс ұңғылы; құрастырмалы (комбинированное).
6. Ұңғы саны бойынша: бірұңғылы, екіұңғылы, көпұңғылы.
7. Ұңғы топтамасына ара қатынасы бойынша: тек қана ойық; тек қана тегіс ұңғылы; құрастырмалы (комбинированное).
8. Калибрі бойынша: кішкене –6,5 мм дейін; қалыпты – 6,5 мм жоғары 9 мм дейін; ірі –9 мм жоғары 14,5 мм дейін;
Аңшылық үшін: 12 калибр – 18,40 мм, 16-шы – 16,80 мм, 20-шы – 15,80 мм және 24-ші – 14,70 мм.
9. Оқтау тәсілі бойынша: аузынан оқталатын (сүмбілі): капсюльді, шақпақты, білтелі, тұтандырғыш; казнозарядты: жанама ұрысты, орталық, өлкелік (сақиналы) ұрыс.
10. Патронның саны бойынша: бір зарядты; көпзарядты.
11. Қайта оқтау және автоматтандырылу деңгейі бойынша: автоматикалық емес, автоматикалық және өздігімен зарядталған; өздігімен зарядталатын-қолмен іске қосылатын.

12. Атыс сипаты бойынша: бір рет тұтанатын, үздіксіз тұтанатын, сериялық тұтанатын (үздіксіз тұтануды шектейтін механизмімен); құрастырмалы тұтанатын (КА).

Атыс қаруы кездейсоқ пайда болған жоқ. Бұған ерекше әлеуметтік-тарихи алғышарттар әсе етті:

- дәріні ойлап шығару;
- металлургиялық істің дамуы;
- еңбек құралдарының дамуы және жетілуі;
- дұшпанның қауіп-қатері;
- коректі өнімінің қажеттілігі және т.б.

Атыс қаруының даму процесі жай (қарапайым) кезеңнен күрделі (заманауи) кезеңді қамтиды.

Заманауи атқыштық атыс қаруы әдетте, келесідей бөлшектерден, механизмдерден және бейімді құралдардан тұрады: ұңғы, бекітетін, соққы беретін, шаппалы, ығыстырғыш және шағылыстырғыш механизмдерден, қайтарымды немесе қайтарымды-ұрысты серіппе, құламалы механизмімен оқжатар не айналмалы және бекітетін механизмімен барабан, сақтандырушы не сақтандырушы механизмнен, сигналды және көздеу құралы, тапанша қаңқасы не ұңғы қорабы (қалып), ложа.

Бекітетін механизм (оқпан) атыс қаруы ұңғысын бекіту үшін арналған. Жүз жылдан аса уақыт бойы автоматты емес, автоматты қол атыс қаруында қолданылатын оқпанның негізгі түрі – ұзын бір бойлы-жылжымалы оқпан.

Атқыш қарудың автоматикасы – дәрі газы энергиясының немесе басқа да энергия көздерінің есебінен қайта оқтауды және атуды атушы адамның қатысуынсыз қамтамасыз ететін механизм жиынтығы.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 3,5,6,12,17,22,23,24,25,26,27,45,67,68,69,70,71 (2.7 бөлімді қараңыз).

№ 3 тақырып. Зақымдау және газды қарулардың құрылымы. Іс-әрекет қағидалары. (4 сағат)

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Зақымдау (травматикалық) және газды қарудың құрылымы және әрекет ету қағидасы.
2. Травматикалық және газды қарудың классификациясы.
3. Криминалистикалық зерттеудің әдістемесі.

Дәріс тезистері

Пневматикалық қару ондағы снаряд тығыздалған ауаның немесе газдың күшті ығыстырылуымен сипатталады.

Ұңғыдан снарядты ығыстырып шығару үшін тығыз ауаны қолдану қағидасы адамдарға бұрыннан белгілі. Көне уақытта адамдар 1,5 м дейін ұзындықта тура ұңғылы қамысты немесе бамбукты қолдану арқылы өзінің күшімен, кейде қатты әсер ететін зәрмен майланған қысқа жебелерді (30-40 см) лақтырған. Жебенің соңғы жағы обтюратормен – өсімдік талшығының

тампонымен жабдықталған. Кейбір тайпаларда және қазіргі уақытта да оны қолдану сақталған, бірақ едәуір жетілген қару түрінде сақталған.

Газды тапаншалар және револьверлер көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттарды қолдану жолымен тірі нысананы уақытша жою үшін арналған қару болып табылады. Бұл жерде ескеретін жағдай, әйгілі әдебиеттерде және күнделікті лексикада кездесетін «газды тапанша», «газды револьвер» және «газды патрон» ұғымдары толықтай түзу деп айтуға болмайды, себебі патрондар газмен оқталмайды, атыс сәтінде ғана кристалдық жағдайда болатын және газ тәріздес жағдайға ауысатын химиялық затмен жабдықталады. Газды тапаншалар және револьверлер негізінде осы химиялық заттарды шашыратқыш болып табылады. Себебі дәрінің жану өнімінің әсер ету уақытының аз болуынан, әдетте газды зат деп аталатын химиялық заттың 15-18% пайызы ғана жанады, өз кезегінде химиялық заттың ұсақ қатты кристалдарының аэрозол қоспаларын және шыққан зарядтың жанған өнімін білдіреді. Басқа жағынан, конструктивтік орындалуы бойынша газды тапаншалар және револьверлер атыс қаруының әдеттегі үлгісінен қарсыласты оқпен емес, көздің шырышты қабатына және мұрынға әсер ететін тітіркендіргіш химиялық заттың көмегімен жою арқылы ажыратылады. Газды қаруды жасап шығаратын фирма-өндірушілер, барлық жағдайда оған әлемдегі белгілі атыс қаруларының тұрпатын береді.

Заманауи газды қарудың келесідей конструктивтік түрлерін бөлуге болады:

- а) револьверлер;
- б) пистолеттер;
- в) карабиндер;
- г) газды гранаталар;
- д) механикалық шашыратқыштар;
- е) аэрозолды құрылғылар;
- ж) газогенераторлар.

«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» заңда газды қару өзін-өзі қорғау азаматтық қару ретінде бөлінген және оған мыналар жататды: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігімен қолдануға рұқсат етілген газды тапаншалар және револьверлер, оның ішінде оларға патрондар, механикалық шашыратқыштар, аэрозолды және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жабдықталған басқа да құрылғылар.

Сонымен қатар, өзін-өзі қорғайтын азаматтық газды қаруда азаматтардың ПО тіркеу арқылы рұқсат алу негізінде алатын түрлерін бөліп көрсетеді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына лицензия алмай алуға құқық беретін, тіркеуге жатпайтын газды тапаншалар мен револьверлер түрін бөліп көрсетеді. Олар: механикалық шашыратқыштар, аэрозолды және басқа сол тектес құрылғылар.

Жіктеу негіздеріне ұңғының бар-жоқтығы және ұзындығын алуға болады:

- 1) ұңғысыз;
- 2) қысқа ұңғылы (ұңғы ұзындығы 20 см дейін);
- 3) орта ұңғылы (ұңғы 20 - 40 см.);
- 4) ұзын ұңғылы (ұңғы ұзындығы 40 см асатын).

Газды тапаншалар және револьверлердің ұңғысында ойық болмайды, ұңғының ішінде атыс патрондарын қолдануға кедергі келтіретін және кейде пластмассалық пыжды қиратуға қызмет ететін қалқа (перегородка) орналасқан. Тапаншадағы қалқа қосымша қайтарымды күшейту үшін қызмет етеді, сол арқылы оқпанның шегінуіне және автоматтың жұмысын қамтамасыз етеді.

Шетелдік өндірушінің газды-сигналды тапаншаларының және револьвердің бытыратушысы револьверлерде ұңғының барлық ұзындығы бойынша казенной бөлігіне дейін, ал тапаншаларда оқтыққа дейін орналасады. Револьверлерде барабан каморында қосымша бытыратушысы (рассекатель) және барабан каморын тарылту диаметрі ұңғының барлық каналына қатысты не оның казенной бөлігіне қатысты. Әдетте барабан каморы ұңғы каналының осьтік сызығына қатысты эксцентрлі орналасқан.

Газды қарудың калибрінің маңыздылығы ойық қарудың калибрінен ажыратылады. Егер ойық қарудың калибрі болып ұңғы ойығының қарама-қарсы орналасқан алаңының арасындағы қашықтық табылатын болса, онда газды тапаншаның калибрі шартты түрде оқтықтың диаметрі бойынша, ал револьверлерде барабан каморының диаметрі бойынша анықталады. Газды қарудың калибрі патрон гильзасының сыртқы диаметрі бойынша өлшенеді. Бұл ретте ескеретін жағдай, ең жақсы ұқсастығы патрон гильзасының сыртқы диаметрі бойынша 8 мм патрондар, ал қалғандарында патрондардың ұқсастығы шамамен ажыратылады. Калибрдің ерекше айырмашылығы гильзаның сыртқы диаметрі бойынша отандық 9 мм патронда, онда іс жүзінде 9 мм Макаров тапаншасының патроны қолданылады, оның сыртқы корпусының диаметрі 9,8 - 9,9 мм.

Атылған гильзадағы іздер бойынша газды қаруды идентификациялау атыс қаруындағы әдістеме бойынша жүргізіледі. Газды тапаншада іздер оқтау, ату және атыстан кейінгі гильзаның эжекциясы нәтижесінде пайда болады, ал іздердің пайда болу және бөлшектерінің іздерді қалыптастыру механизмі дәстүрлі атыс қаруына ұқсас. Гильзаның корпусында оқжатардың губынан, оқжатардың оқ берушісінен (төменгі патронда), патронды кірістен, патрон дуалынан, барабан каморынан іздер қалады. Гильза фланецінің алдыңғы жағындағы бөлігінен оқтықтың артқы қиығының іздері қалады. Гильзаның астында оқ жіберушіден, лақтырғыш ілгішінен (іздер тағы да фланецтің қабырғасында және проточкада қалады), шағылыстырғыштан, патронды тіректен, казенниктен қалады. Капсюлде бойканың және патронды тіректен іздері қалады. Қарудың топтық тиістілігін анықтау үшін оқтықтың артқы қиығындағы, патронды тіректегі іздері, бойка орналасқан және шағылыстырғыштың өзара орналасқан іздері және лақтырғыш ілмегінің іздері өте маңызды.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

№ 4 тақырып. Қол атыс қарудың зерттеу әдістемесі
Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Атыс қаруының жарамдылығының, оның атысқа немесе жекелеген атысқа жарайтындығының түсінігі.

2. Атыс қаруының техникалық жағдайын анықтау.

3. Шаппалы ілмекке баспай атылудың себептері мен шарттарының түсінігі.

4. Шаппалы ілмекке баспай атыс қаруынан атыс жүргізудің мүмкіндігін анықтау әдістемесі.

Дәріс тезистері

Атыс қаруын диагностикалық зерттеудің және сарамтама жасаудың негізгі міндеттеріне жатқызылады:

1. Атыс қаруынан атыс жүргізудің және оның патрондарының техникалық жағдайын және жарамдылығын анықтау;

2. Белгілі бір жағдайларда шаппалы ілмекке баспай қарудан атыудың мүмкіндігін анықтау;

3. Белгілі патрондармен осы қарумен атыс жүргізудің мүмкіндігін анықтау;

4. Ұңғы каналын соңғы тазалаудан кейін сол қарудан аты жүргізу фактісін анықтау.

Атыс қаруының техникалық жағдайын анықтау мамандарға баллистикалық зерттеу тағайындау кезінде бірінші кезекте және жиі қойылатын сұрақтар болып табылады.

Атыс қаруының техникалық жағдайын көрсететін негізгі аспектілер:

- түзулігі;
- атысқа жарамдылығы;
- белгілі бір жағдайларда шаппалы ілмекке баспай қарудан атыудың мүмкіндігін анықтау.

Криминалистикалық мағынада қарудың жарамсыздығы болып атыс жүргізуді және қарудың қалыпты қолданылуын қамтамасыз ететін бөлшектері жоқ немесе ақаулары бар болуы табылады.

Криминалистикада атыс қаруының түзулігі ретінде оның қауіпсіз атылуы және атыстың кідірмей атылуын қамтамасыз ететін барлық механизмдері, бейімді құралдары мен бөлшектерінің бар болуы, ешқандай ақаулары болмауы және тиісті нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес өзара әрекет етуі түсініледі.

Атыс қаруының жарамдылығы деп оның бірнеше атыс жүргізу икемділігін түсінуге болады.

Қарудың жағдайына байланысты оның атысқа жарамдылық деңгейі әртүрлі болуы мүмкін.

Толық жарамдылығы — қарудың конструкциясында көрсетілген атыс режиміне жарамдылығы.

Жартылай жарамдылығы әртүрлі нысанда болуы мүмкін:

- тек қана бір режимде автоматты құрастырмалы қарудан атыс жүргізуге жарамдылығы (МКА кезек-кезекпен не бір реттілікпен атылады);

- қарудың конструкциясында көрсетілмеген режимде атысқа жарамдылығы (МП кезекпен атуы);

- жүйелі емес атысқа жарамдылығы, яғни тоқтап немесе іркіліп атылуы;
- арнайы дайындалған оқ-дәрілерді қолданумен атысқа жарамдылығы (қысқарту, гильзаны майыстыру және басқалары);

Стандартты қарудан ату, әдетте, оқтауда, қаруға соққы бергенде, сілкінгенде, қарудың өзінде соққы болғанда және т.б. жағдайларда шаппалы ілмекке басып және оны баспай жүргізілуі мүмкін.

Шаппалы ілмекке баспай атылудың шарты қарудың механизміне қандай да бір сыртқы әсерде (шаппалы ілмекке әсер етуден басқа) болуы мүмкін, ол болған оқиғамен байланысты жәбірленушінің, сезіктінің немесе физикалық құбылыстың әсері. Бөлшектері мен механизмдерінің өзара әрекет етуін тексеру негізінде эксперимент жүргізу шешімі қабылданады.

Зерттеу жүргізу қаруды қарап-тексеруден, оның ішінде соққы беретін механизмдерінің бөлшектерін, сақтандырушының күйін зерттеуден басталады. Оқтықта немесе оқжатарда патронның не гильзаның жоқ екендігіне көз жеткізу қажет. Эксперимент арқылы белгілі бір жағдайларда шаппалы ілмекке баспай атыс жүргізу мүмкіндігі анықталады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 4,12,17,28, 54,73,74,77,78,79,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

№ 5 тақырып. Оқ-дәрілердің түсінігі, құрылымы мен классификациясы

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Атқыштық атыс қаруының оқ-дәрілерінің криминалистикалық түсінігі.
2. Қол атыс қаруының патрондарының классификациясы және конструкциясы.
3. Патрондардың және олардың конструктивтік элементтерінің негізгі түрлерінің құрылымы. Патрон калибрі. Патрондардың белгіленуі (атауы).
4. Патрондардағы таңбалық белгіленуі.

Дәріс тезистері

Объектілерді криминалистикалық зерттеуде оқ-дәрілерге жатқызу сұрақтарын шешу кейбір жағдайда атыс қаруының жағдайын техникалық зерттеуге қарағанда күрделі емес болып табылады.

Сот-баллистикалық сараптаманың теориясы мен тәжірибесінің негізгі термин сөздігінде оқ-дәрілерге келесідей анықтама беріледі:

Атқыш қарудың барлық түрлерімен атуға, оның ішінде аңшылық ойық, артиллериялық зеңбіректермен қарсыластың тірі күшін және техникасын жою мақсатына арналған заттар: гранаталар, миналар, артиллериялық снарядтар және т.б. Оқ-дәрілер – бұл объектіні (нысананы) атыс қаруымен немесе жарылыс нәтижесінде жарылғыш заттарын қолданумен конструкциясы бойынша көп компонентті бір рет ғана қолданылатын бұйым.

Патрондар дайындалу тәсілі бойынша бөлінеді: зауыттық (өнеркәсіптік) өндірістің патрондары; қолдан жасалған патрондар;

Конструкциясы бойынша патрондар бөлінеді: біртұтас (унитарлы) патрондар, біртұтас емес, гильзасы жоқ патрондар;

Тұтанатын құрамын орналастыру бойынша: сақиналы тұтанатын патрон, орталықтан тұтанатын патрон;

Қолданылатын қарудың ұңғы каналының түрлері бойынша: ойық, тегіс ұңғылы, сигалды, газды қару;

Мақсатты тағайындалуы бойынша қол атыс қаруларына патрондар келесідей болады: жауынгерлік, азаматтық, имитациялық, тексерушілік;

Қолданылатын қарудың түрлері бойынша патрондарын шартты келесідей бөлуге болады:

- винтовкалық;
- аралық;
- тапаншалық;
- револьверлік.

1. Қолданылатын қаруға қатыстылығы бойынша: штатты, алмастырушы-патрондар, штатты емес.

2. Калибрі бойынша: аз калибрлі (6,50 мм дейін); қалыпты (орта) калибрлі (> 6,50—9,00 мм); ірі калибрлі (>9,00 мм).

Атыс қаруының оқ-дәрілерінің көп компоненттілігі патрондарда келесідей төрт негізгі бөліктің бар болуын білдіреді: гильзасы, капсюлатұтандырушы; снаряд (оқ, картель, бытыра); шатынайтын (пороховой) заряд.

Патрондардың таңбалық белгісі – патронның түрі және тағайындалуы туралы белгілі бір мәліметтерді қамтитын шартты белгілер мен жазбалардың жүйесі.

Таңбаланудың бірегей жүйесі болмайды. Ол мемлекеттер, өнеркәсіп-өндіруші, патрон түрлері және шыққан жылдарымен әрқилы.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 34,35,36,47,81,82,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

№ 6 тақырып. Оқ-дәрілерді зерттеу әдістемесі

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Оқ-дәрілерді криминалистикалық зерттеудің міндеттері және қағидалары, оқ-дәрілердің түсінігі.

2. Патрондарды оқ-дәрілерге жатқызуды және техникалық түзулігімен атысқа жарамдылығын айқындауды анықтау.

3. Оқ пен гильзаның бір патронға тиесілігін анықтау.

4. Формасы өзгерген және ұсақталған (фрагменттелген) оқтарды зерттеу ерекшеліктері.

Дәріс тезистері

Оқ-дәрілерді зерттеу криминалистикалық сот-баллистикалық зерттеу (сараптама) аясында жүргізіледі.

Зерттеудің негізгі міндеттері болып патрондарды оқ-дәрілер санатына тиестілігін анықтау табылады.

Осы зерттеуді жүргізу барысында оқ-дәрілердің санатына жататын объектілердің шеңберін нақты айқындап алу маңызды.

Зерттеу объектісіне ойық және тегіс ұңғылы атыс қаруының, сондай-ақ олардың конструктивтік элементтерінің (құрамды бөліктері) зауыттық және қолдан жасалған патрондары жатады.

Зерттеу тағайындау барысында әдетте маманға келесідей мағынасы бойынша сұрақтарды: ұсынылған патрон немесе басқа да заттар оқ-дәрілер болып табылады ма, олар қандай түрге жатады, дайындалу тәсілі, атысқа жарамдылығы және ұсынылған патронның нақты қару үлгісімен атылу мүмкіндігін анықтау ұсынылады.

Патронның және топтамалық бұйымдардың оқ-дәрілерге нем оның бөліктеріне тиістілігін анықтау қылмыстық істі дұрыс саралау үшін маңызды болады.

Осындай міндеттерімен зерттеу танымдық сипатта болады. Сол себепті бұл жағдайда зерттелетін элементтердің атауын дұрыс айқындау, олардың ерекшеліктерін түсіндіру, олардың неге осы патрон түріне тән екендігін көрсету және т.б. аса маңызды мәнге ие.

Криминалистикалық зерттеу жағдайында патрондарға өндірістік кәсіпорында өнімді қабылдау барысында жасалатындай көлемде және сондай әдіспен техникалық жағдайларына бақылау жасау мүмкіндігі жоқ. Аталған зерттеудің міндеттері патрондардың элементтеріне, атыс қасиетіне, мақсаты бойынша қолдану мүмкіндігіне әсер ететін патрондарды сақтау барысында немесе басқа да бір себептермен олардың өзгеріске ұшырамағанын анықтау жатады.

Патрондардың баллистикалық параметрлерін айқындау зерттеудің қорытынды кезеңі болып табылады, патрондарды оқ-дәрілерге не басқа да объектілерге жатқызуда дұрыс қорытынды жасауға септігін тигізеді.

Оқ және гильзаны бір патронға тиестілігін анықтау қару данасының қай түрімен оқ атылғанын және гильза тасталғанын айқындауға, сондай-ақ қаруға оқтағы, гильзадағы және т.б. іздері бойынша идентификациялау жүргізуге септігін тигізеді.

Формасын өзгерту және фрагментациялану оқтың жарылу әрекетінің нәтижесінен, қатты кедергімен кездесу кезінде немесе қару ұңғысындағы ауыз қиығының тегіс емес бөлігімен байланыс кезінде туындайды. Патрондардың және олардың конструктивтік элементтеріне жүргізілген зерттеудің нәтижесінде олардың дайындалу тәсілін анықтауға болады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,5,6,7,12,33,34,37,38,44,45,47,50,54,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

Практикалық сабақтар

№ 1 тақырып. Сот баллистиканың пәні, міндеттері мен жүйесі. (3 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сот-баллистикалық зерттеудің қалыптасу тарихы.
2. Сот-баллистикалық зерттеудің объектісі және міндеттері.

3. Сот-баллистикалық зерттеудің түсінігі және пәні.

Практикалық тапсырма: (жаттығу кешендері)

1. бағдарламалық жауап алу

2. жазбаша жұмыс

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90
(2.7 бөлімді қараңыз).

Практикалық сабақтың жоспары 2 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Атыс қаруының түсінігі (Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 30-желтоқсанындағы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» № 339-1 Заңы.

2. ҚР ІІМ 2015 жылғы 16 наурыздағы №219 «Азаматтық және қызметтік қарудың және олардың патрондарының криминалистикалық талаптары және сынақтан өткізу әдістері» бұйрығы

3. Сот-баллистикалық зерттеудің әдістері.

Практикалық тапсырма: (жаттығу кешендері)

1. бағдарламалық жауап алу

2. бейне таспа көру

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90
(2.7 бөлімді қараңыз).

№ 2 тақырып. Қол атыс қарудың түсінігі, классификациясы және оның материалдық бөлімі. Атыс қарудың құрылымы. (4 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Атқыштық атыс қаруының классификациясы.

2. Атқыштық атыс қаруының негізгі бөлшектері мен механизмдері.

Практикалық тапсырма:

1. Бағдарламалық жауап алу

2. Курсанттар практикалық сабақта қол атыс қаруының әрқилы конструктивтік түрлерін, ілмектері мен механизмдерінің әрекет ету және өзара әрекет ету қағидаларын (оның қарап-тексеруін, сызбалық суреттемесін жүргізу, атыс қаруымен жұмыс жүргізу ережесі және бөлшектеу дағдысын өтеуді) оқып біледі, «қарудың атысқа жарамдылығын анықтауға» маманның (сарапшының) қорытындысының сипаттама бөлігі сияқты қаруға сипаттама беру тәжірибесіне төселу керек.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90
(2.7 бөлімді қараңыз)

Практикалық сабақтың жоспары 2 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Бекітілу (запирания) механизмдерінің негізгі түрлері.

2. Соқпалы механизмнің, сақтандырғыштың және сақтандырушы механизмнің, шаппалы механизмнің классификациясы.

3. Қаруды қарап-тексеру және зерттеу жүргізу кезінде онымен жұмыс істеудің ережесі мен тәртібі.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта қол атыс қаруының әрқилы конструктивтік түрлерін, ілмектері мен механизмдерінің әрекет ету және өзара әрекет ету қағидаларын (оның қарап-тексеруін, сызбалық суреттемесін жүргізу, атыс қаруымен жұмыс жүргізу ережесі және бөлшектеу дағдысын өтеуді) оқып біледі, «қарудың атысқа жарамдылығын анықтауға» маманның (сарапшының) қорытындысының сипаттама бөлігі сияқты қаруға сипаттама беру тәжірибесіне төселу керек.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

Практикалық сабақтың жоспары 3 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Тегіс ұңғылы қарудың ұңғысының жабдықтары. Калибрдің түсінігі.
2. Гильзада іздерін қалдыратын шүріппенің және оның бөлшектерінің сыртта орналасуы бойынша бір ұңғылы аңшылық мылтықтың бөлшектері мен механизмдерінің жабдықталуы.
3. Гильзада іздерін қалдыратын шүріппенің және оның бөлшектерінің сыртта орналасуы бойынша екі ұңғылы аңшылық мылтықтың бөлшектері мен механизмдерінің жабдықталуы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта аңшылық қарудың әрқилы конструктивтік түрлерін, ілмектері мен механизмдерінің әрекет ету және өзара әрекет ету қағидаларын (оның қарап-тексеруін, сызбалық суреттемесін жүргізу, онымен жұмыс жүргізу ережесі және бөлшектеу дағдысын өтеуді) оқып біледі, «қарудың атысқа жарамдылығын анықтауға» маманның (сарапшының) қорытындысының сипаттама бөлігі сияқты қаруға сипаттама беру тәжірибесіне төселу керек.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

№ 3 тақырып. Зақымдау және газды қарулардың құрылымы. Іс-әрекет қағидалары (4 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Газды қарудың жабдықталуы мен әрекет ету қағидасы
2. Газды қарудың классификациясы.

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырмада курсанттар ұсынылған газды қарудың үлгісін қарап шығулары тиіс, детальдық фото ережесі бойынша оны фототүсіру жүргізу, қарап-тексеру хаттамасының сипаттама бөлігін және фото кестені құрастыруы тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

Практикалық сабақтың жоспары 2 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Пневматикалық қарудың жабдықталуы мен әрекет ету қағидасы
2. Пневматикалық қарудың классификациясы.

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырмада курсанттар ұсынылған пневматикалық қарудың үлгісін қарап шығулары тиіс, детальдық фото ережесі бойынша оны фототүсіру жүргізу, қарап-тексеру хаттамасының сипаттама бөлігін және фото кестені құрастыруы тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

Практикалық сабақтың жоспары 3 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Газды және пневматикалық қаруды баллистикалық зерттеудің сатылары

2. Газды және пневматикалық қаруға баллистикалық зерттеуде шешілетін міндеттер

3. Зерттеу жүргізу барысында маманның алдына қойылатын сұрақтар

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырмада курсанттар ұсынылған газды және пневматикалық қарудың үлгілерін қарап шығулары тиіс, детальдық фото ережесі бойынша оны фототүсіру жүргізу, қарап-тексеру хаттамасының сипаттама бөлігін және фото кестені құрастыруы тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,3,4,5,11,19,48,81,89,90 (2.7 бөлімді қараңыз).

№ 4 тақырып. Қол атыс қарудың зерттеу әдістемесі (5 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Атыс қаруын сипаттайтын белгілері

2. Атыс қаруының негізгі бөліктері

Практикалық тапсырма:

